

Қаражат жинақтау негіздері: қалай бастау керек және ол не үшін қажет

Қаржы қорын құру – бұл өзінді сенімді сезінудің ең қарапайым тәсілдерінің бірі. Жинақтар күтпеген шығыстарды өтеуге, сатып алуды жоспарлауға және кез келген күтпеген шығындарға дайын болуға көмектеседі.

Жинақ не үшін қажет?

Жинақтаған қаражат қорың болса:

- күтпеген шығындарды жабу;
- асықпай және кредитсіз ірі сатып алулар жасау;
- ұзақ мерзімді мақсаттарды жоспарлау: саяхат, білім алу, тұрғын үй жағдайын жақсарту;
- отбасын қосымша қаржымен қамтамасыз ету оңай.

Жинақтауды қалай бастауға болады?

1. Қаражат жинауды бірден бастаңыз

Табыстың бір бөлігін дәл сол күні бөліп қойған дұрыс, сонда ақшаңыз күнделікті шығындарға жұмсалып кетпейді.

2. Процесті автоматтандырыңыз

Жеке жинақ шотына немесе депозитке автоматты аударым жасау жинақтарды толықтыруды ұмытып кету қаупін азайтады. Бұл еш қиындықсыз ақша жинақтаудың қарапайым тәсілі.

3. Мақсат қойыңыз

Не үшін жинап жатқаныңызды түсіну қаражат жинау тәртібін сақтауға көмектеседі. Мақсаттарды былай бөлуге болады:

- қысқа мерзімді – 1 жылға дейін (мысалы, демалыс);
- орта мерзімді – 1-3 жыл (жөндеу жұмыстары, техника);
- ұзақ мерзімді – 3 жылдан астам (білім алу, тұрғын үй, инвестиция).

4. Қолайлы құралдарды таңдаңыз

Құралдардың бірнеше нұсқалары бар: жинақ шоттар, депозиттер, инвестициялық өнімдер. Көбіне бірнеше құралды бірге қолдану ыңғайлы – бұл қаражатты сақтауға және қосымша табыс табуға көмектеседі.

5. Қаншадан жинаған дұрыс?

Классикалық ұсыным – табыстың 10-20%-ын жинау. Бастапқыда 3 - 5%-дан бастауға да болады.

Тұрақты түрде жинау – жинақтау сомасынан да маңызды.

Жинақтау мақсаттарына қарай депозиттердің әртүрлі түрлерін пайдалануға болады. Alatau City Bank-те сіздің барлық мақсаттарыңызға сай келетін депозиттер бар:

Жоғары мөлшерлемесі бар жинақ депозиттері

Қаражатқа қолжетімділік шектеулі: толықтыруға болады, бірақ ішінара алу қарастырылмаған.

Мерзімі аяқталғанға дейін ақшаны алмау, қаражатты шотта сақтап, жоспарлы түрде жинақтауға және жоғары табыс алуға мүмкіндік береді. Мұндай депозит түрі жинаған қаражатын мерзім аяқталғанға дейін пайдалануды жоспарламайтын клиенттер үшін өте ыңғайлы.

Икемді депозиттер

Шотты еркін толықтыруға және кейбір жағдайларда ақшаны ішінара алуға мүмкіндік береді. Бұл қажет болған жағдайда пайдалануға болатын икемді жинақ нұсқасы.

Мақсатты депозиттер

Нақты бір мақсатқа ашылады, мысалы: оқу. Қаражат тек белгіленген мақсатқа ғана пайдаланылады. Ұзақ мерзімді және нақты айқындалған қаржылық мақсаттар үшін қолайлы.

Егер сіздің мақсатыңыз алдын ала анықталған және ұзақ мерзімді болса, бұл депозит дәл сізге арналған.

Бірлескен жинақ депозиттері

Отбасылық немесе ортақ қаржыны басқаруға арналған. Шотты үнемі толықтыруға және қажет болған жағдайда қаражатты ішінара алуға мүмкіндік береді. Мұндай депозиттер жинақты бірнеше адам бірлесе жинағанымен ыңғайлы.

Жинақтау – бұл қаржылық тұрақтылықтың негізі. Бастапқыда аз мөлшерден бастап, кейін жарна көлемін біртіндеп арттыруға болады. Alatau City Bank ұсынатын депозиттер егер мерзімі, қолжетімділігі және кірістілігі жағынан өзіңізге лайықтысын таңдасаңыз, қаражат жинауда өте ыңғайлы құрал. Ең бастысы – тұрақтылық және мақсатыңызды нақты түсіну.